# ШЖҚ жанындағы «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы» МКК кезектен тыс жиналысының хаттамасы

**№ 1**

Қарабұлақ ауылы «15» наурыз 2024ж.

**Төраға: Мусаев Даулет Аманжолович – басшы**

**Хатшы: Ағыбай Толқынай Ақтайқызы – мамандар бөлімінің басшысы**

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын талқылап, түсіндірме беру.

**Қатысқандар:** «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасының бөлім меңгерушілері мен ауылдық амбулаториялардың аға дәрігерлері мен қызметкерлері.

Жиналыста келесі мәселелер айтылды, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүргізілуі тиіс. Кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданғаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейкесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Қабылданған кешенді шаралар нәтіжесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі көрсететін, ең қауіпті түрі – парақорлық. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз. Бұл індетті жою – бізге міндет. Біздің ортада сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауына барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығы және сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек екендігі жөнінде түсіндірілді.

Жиналысқа қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдап және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Жиналыс төрағасы Д.Мусаев жиналысты қорытындылады.

**Төраға:** **Д.Мусаев**

**Хатшы:** **Т.Ағыбай**